

Ж Е Т І Е Р Е Ж Е

№1 Ереже

ЖАҚСЫЛАП ОЙЛАНЫҢЫЗ: «НЕСИЕ АЛУҒА ТҰРАРЛЫҚ НӘРСЕ МЕ?»

Несие алмас бұрын жақсылап ойланыңыз, несие алмауға болмай ма, өйткені несие – банкке соманы пайызбен қайтару міндеттемесі, соған сәйкес сатып алу пайыз сомасына қымбаттайды.

№2 Ереже

АҚПАРАТ ЖИНАҢЫЗ

Несие алу қажет деген шешімге келсеңіз, несие өнімдерінің шарттары туралы көбірек ақпарат жинау қажет болады. Банктердің сайттарында, әдетте, қарыз бойынша айлық төлемдерді есептеуге болатын несие калькуляторы болады. Бәрінен дұрысы, банк бөлімшесіне кіріп, кеңесшілерден толық сұраңыз.

№3 Ереже

ӨЗ МҮМКІНДІКТЕРІҢІЗДІ БАҒАЛАҢЫЗ

Мамандар несие бойынша шығындарды айлық кірістің 40% асырмауға (ең дұрысы, көп дегенде 20–30% құраса) нұсқау береді. Бұл кірістеріңіз несиені ғана төлеп қоймай, басқа қажеттіліктеріңізді, соның ішінде алдын ала білуге болмайтын қажеттіліктерді төлеуге жетуі үшін қажет.

№4 Ереже

НЕСИЕ СОМАСЫН ЕСЕПТЕҢІЗ

«Неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы» – несие алу кезіндегі сауатты тәсіл емес. Несие бойынша сома неғұрлым көп болған сайын, айлық төлемнің, банкке төленетін сыйақы сомасының да соғұрлым көп болатындығын есте сақтау керек. Сондықтан несиені алдын ала есептеп, яғни қажетті соманы алу керек.

№5 Ереже

НЕСИЕ МЕРЗІМІН АНЫҚТАҢЫЗ

Несие мерзімі ұзақ болған сайын, айлық төлемнің де аз болатындығы түсінікті. Әйтсе де, екінші бір заңдылық бар: несие мерзімі неғұрлым ұзақ болған сайын, ол бойынша жиынтық сыйақы сомасы соғұрлым көп болады. Ең жақсысы, қарыз бойынша артық төлемеу үшін несиені қысқа мерзімге алу.

№6 Ереже

НЕСИЕ ВАЛЮТАСЫН ТАҢДАҢЫЗ

Несиені кіріс алатын валютада алған дұрыс. Шетел валютасында несие алсаңыз, валюта бағамы өзгергенде, ал кіріс деңгейіңіз өзгермегенде несие бойынша төлемиңіз автоматты түрде өсіп кетеді.

№7 Ереже

НЕСИЕ ТҮРІН ТАҢДАҢЫЗ

Несиелендіру бағдарламасын таңдағанда белгілі бір мақсаттағы несиелерді пайдаланған дұрыс. Мысалы, автомашина сатып алу үшін автонесиені немесе тұтыну несиесін. Сонымен қатар кепіл қамтамасыз етуіне берілетін несиелер кепілсіз несиелерге қарағанда арзанырақ болатындығын есте сақтау керек.